АКТУАЛЬНО

БЮДЖЕТ, ДОРОГИ И УВЕЛИЧЕНИЕ СОЦПОДДЕРЖКИ ЧЕРЕЗ ЖИЛИЩНЫЕ СЕРТИФИКАТЫ

Депутаты городского маслихата рассмотрели ряд важных вопросов

28 мая 2025 года состоялась очередная, XXXVII, сессия Карагандинского городского маслихата. Депутаты рассмотрели ряд важных вопросов городского развития. В работе сессии под председательством Алтынторе Букенова приняли участие заместители акима города, председатели Советов ветеранов города Караганды и районов, члены Общественного совета города, руководители государственных учреждений.

Первым делом депутаты рассмотрели отчет акимата города об исполнении бюджета города Караганды за 2024 год.

Член постоянной комиссии городского маслихата по вопросам экономики, бюджета и предпринимательства Еркин-Дауир Курмангалиев отметил, что анализ исполнения бюджета по поступлениям свидетельствует о принятии местными исполнительными и уполномоченными органами мер, направленных на увеличение доходных источников бюджета. Это позволило направить дополнительные ассигнования на реализацию социальных программ, ремонт, благоустройство и содержание объектов коммунальной собственности города. В то же время комиссией отмечены случаи неэффективного планирования и затягивания процедур госзакупок, что негативно сказывается на реализации важных проектов и доверии населения.

Депутатами городского маслихата был поднят вопрос качества реализации отдельных бюджетных программ, в частности, благоустройства дворов, оборудования детских и спортивных площадок, ремонта автомобильных дорог, освещения.

Администраторам бюджетных программ даны рекомендации, в частности, по поводу нарушения сроков проведения процедуры государственных закупок, длительных процедур заключения договоров, невыполнения поставщиками договорных обязательств, несвоевременного предоставления актов выполненных работ, корректировки проектно-сметной документации, судебных разбирательств.

- Ведь все это влечет за собой затягивание сроков решения вопросов по созданию надежной инфраструктуры, доступности жилья, создания комфортных условий проживания населения, - отметил Еркин-Дауир Курмангалиев.

Одна из самых актуальных проблем Караганды - дороги. Руководитель ГУ "Отдел ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог г. Караганды" Ержан Кокушев рассказал, что в текущем году на гарантии находится 81 участок дорог.

По результатам проведенного весеннего обследования дефекты выявлены на 21 участке:

В планах на 2025 год ремонт и строительство 112,9 км дорог (в том числе строительство и реконструкция - 4,6 км, капремонт - 1,5 км, срочный ремонт - 86,8 км, текущий ремонт - 90 000 мI, профилировка - 20 км).

Прозвучала и критика со стороны депутатов. Филиал РГП "Наццентр качества дорожных активов" не исполнил решение маслихата №199 от 30.10.2024. Отмечены проблемы связанные с некачественным устранением дорожных разрытий после проведения ремонтных работ коммунальными предприятиями.

- Хочется отметить, слабую работу подрядных организаций по выполнению договорных обязательств в части устранения дефектов на дорогах, находящихся на гарантийном обслуживании. Сейчас уже заканчивается май, но есть участки дорог, на которых до сих пор не начаты работы в рамках гарантийных обязательств, - заявил депутат Толеген Ашимов.

Депутаты отметили, что необходимо определить гарантийный срок на выполнение ямочных работ. А также вынесли несколько предписаний в адрес РГП «Национальный центр качества дорожных активов» по Карагандинской области»:

- Усилить работу по проведению экспертизы качества укладки и используемых материалов при ремонте автомобильных дорог, на постоянной основе привлекать депутатов городского маслихата и членов Общественного совета города Караганды к данной работе;

- Увеличить количество проводимых экспертиз на выполнение текущего, среднего и капитального ремонта автомобильных дорог города Караганды на раннем этапе;

- По автомобильным дорогам, где проводится реконструкция, строительство и капитальный ремонт, проводить экспертизу качества работ и материалов

- До ввода объекта строительства, реконструкции и капитального ремонта автомобильных дорог в эксплуатацию, проводить отчет экспертизы качества работ и материалов, о чем, в обязательном порядке, до ввода объекта в эксплуатацию, информировать депутатов Карагандинского городского маслихата.

К вопросу о деятельности филиала РГП «Национальный центр качества дорожных активов» по Карагандинской области» депутаты еще вернутся в будущем. Данную тему включили в план работы.

Среди прочего народные избранники порекомендовали акимату города Караганды качественно устранить недостатки на автомобильных дорогах, находящихся на гарантийном обслуживании, а также принять меры по устранению замечаний, выявленных депутатами в ходе объезда автомобильных дорог.

Депутаты маслихата хотят плотнее контролировать ситуацию с ремонтом дорог в городе. Поэтому в планах создать комиссию с включением в ее состав народных избранников для еженедельного инспектирования ремонтируемых автомобильных дорог.

Еще один важный вопрос касался жилищных сертификатов. По этому вопросу с докладом выступил заместитель акима города Дархан Жиенбаев, который попросил увеличить размер жилищного сертификата.

Председатель постоянной комиссии городского маслихата по вопросам социальной сферы и социальной защиты населения Марина Платонова отметила, что данный проект решения носит положительный социальный характер и будет способствовать снижению нагрузки по оформляемым жилищным займам.

- Следует отметить, что ранее именно депутаты городского маслихата поднимали вопрос о необходимости увеличения размера жилищного сертификата... Для повышения информированности наших избирателей, необходимо акимату города Караганды широко в средствах массовой информации и социальных сетях освещать информацию по категориям и условиям для получения жилищного сертификата, - обратила внимание депутат Платонова.

В итоге были утверждены новые размеры и категории получателей жилищных сертификатов :

Размер жилищного сертификата теперь будет 10 процентов от суммы займа, но не более 1,5 миллионов тенге на получателя (вне зависимости от суммы займа, как соцпомощь или соцподдержка).

Категории получателей:

Ветераны Великой Отечественной войны;

ветераны, приравненные по льготам к ветеранам Великой Отечественной войны;

ветераны боевых действий на территории других государств;

лица с инвалидностью первой и второй групп;

семьи, имеющие или воспитывающие детей с инвалидностью;

лица, страдающие тяжелыми формами некоторых хронических заболеваний, перечисленных в списке заболеваний, утверждаемом уполномоченным органом в области здравоохранения;

пенсионеры по возрасту;

дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей, не достигшие двадцати девяти лет, потерявшие родителей до совершеннолетия. При призыве таких лиц на воинскую службу возраст продлевается на срок прохождения срочной воинской службы;

кандасы;

лица, лишившиеся жилища в результате экологических бедствий, чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера;

многодетные матери, награжденные подвесками «Алтын ал • а», «К • міс ал • а» или получившие ранее звание «Мать-героиня», а также награжденные орденами «Материнская слава» I и II степени, многодетные семьи;

семьи лиц, погибших (умерших) при исполнении государственных или общественных обязанностей, воинской службы, при подготовке или осуществлении полета в космическое пространство, при спасании человеческой жизни, при охране правопорядка;

неполные семьи;

вдовы (вдовцы), имеющие на иждивении несовершеннолетних детей и детей, обучающихся по общеобразовательным или профессиональным программам в организациях общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, высшего, послевузовского образования по очной форме обучения, но не более чем до достижения двадцатитрехлетнего возраста.

Антон Иванов

Қарағанды қалалық мәслихатында

ЖОЛДЫ САПАЛЫ ЖӨНДЕУ ҮШІН

YIII шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының болып өткен кезекті XXXYII сессиясын қалалық мәслихаттың төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов ашып, жүргізіп отырды.

Сессия жұмысына қала әкімінің орынбасарлары Қайрат Қамзин, Дархан Жиенбаев, Рүстем Қожақапанов, Қарағанды қаласы мен аудандарының Ардагерлер кеңесінің төрағалары, қаланың Қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік мекемелердің басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессияның күн тәртібіндегі бірінші мәселе қала әкімінің 2024 жылға арналған Қарағанды қаласының бюджетінің атқарылуы туралы есебі бойынша «Қарағанды қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысы Айнұр Апақашеваның есебі тыңдалды. Қосымша баяндаманы қалалық мәслихаттың экономика, бюджет және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі Ерлан-Дәуір Құрманғалиев жасады.

Сессия есепті тыңдай келіп, 2024 жылға арналған Қарағанды қаласы бюджетінің орындалысын қосымшаға сәйкес:

1) кірістері – 142 803 336,2 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер бойынша – 108 191 035,4 мың теңге; салықтық емес түсімдер бойынша – 784 565,2 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер бойынша сальдо – 2343 288,5 мың теңге; трансферттің түсімдері бойынша – 31 484 447 мың теңге;

2) шығындары – 160 100 916,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – -610 033,5 мың теңге, оның ішінде: бюджеттік кредиттер – 0 теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 610 033,5 мың теңге;

4) қаржылық активтермен жасалатын операциялар бойынша сальдо – -57 629,3 мың теңге; қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге; мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 57 629,3 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 16 629 917,2 мың теңге, оның ішінде: қарыздардың түсімі – 6 284 122 мың теңге; қарыздарды өтеу – 2 440 893,2 мың теңге; бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 12 786 688,3 мың теңге көлемінде бекітті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Қарағанды қаласының коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысы Ержан Көкішевтің кепілдіктегі автомобиль жолдарын және 2025 жылы автомобиль жолдарын жөндеуді, салуды жоспарлау жөніндегі ақпараты тыңдалды.

Қарағанды қаласы көшелерінің жалпы ұзындығы 923 км. Бөлімнің берген ақпаратына қарағанда биылғы жылы осындай ұзындықтағы автомобиль жолдарының 81 телімі кепілдікте. Көктемгі тексеріс қорытындысында 21 телімде ақаулар бар деп анықталған. Биылғы жылы автомобиль жолдарын салумен және жөндеумен 112,9 км қамтылмақ болса, оның ішінде құрылыс/қалпына келтіру – 4,6 км, күрделі жөндеу – 1,5 км, орташа жөндеу – 86,8 км, ағымдағы жөндеу – 90000 шаршы метр, бейіндеу және қиыршық тас себу – 20 км жол бойында атқарылатын жұмыстар бар.

Коммуналдық кәіпорындардың жөндеу жұмыстарын өткізгеннен кейін жолдың қопарылған жерлерін сапалы жөндеу мәселесі ұзақ уақыттан бері шешуін таппай келе жатыр. Сондықтан мердігер ұйымдар шұңқырларды жөндеу кезінде технологиялық процесті сақтау мақсатында жұмысты атқарудың кепілдік мерзімін анықтау жөніндегі мәселені шешуі қажет. Сонымен бірге сессияда кепілдік қызмет көрсетудегі автомобиль жолдарында кемшіліктерді жою бойынша сапалы жұмыс жүргузілуі, автомобиль жолдарын тексерген кезде анықтаған ескертулер бойынша 14 көше мен жол бойында жөнге келтіру шаралары қабылдануы қажеттігі айтылды. Мәселен, Бұқар жырау даңғылы – Затаевич көшесі қиылысындағы жолда қар еріген және жаңбыр жауғаннан соң су басып кетуін («Таир» СҮ маңы) болдырмау үшін жедел шаралар қабылдау, кейбір көшелердегі қар суларының ағуын бұру, аялдама павильондарын ауыстыру, бұрылыс жолдарын дұрыстап реттеу, жолжиектерін дұрыстап орнату, жиналған қоқыстарды шығару, дұрыстап асфальттау, кейбір мектептердің жанында жол белгілерін орнату, жасанды кедергілер жасау, бағдаршамдар орнату (қалада 2000 жол белгісін орнату қажеттігі бар екен), осы қажеттіліктің уақытымен орнын жабу, жөндеу жұмыстары атқарылған соң жолды қайтадан қалпына келтіру жұмысын сапалы атқару және басқа да көптеген жұмыстар атап көрсетілді.

Апат орын алған орындар жөнделген соң коммуналдық кәіпорындардың («Қарағанды СУ» ЖШС, «Теплотранзит» ЖШС, газбен жабдықтаудың орталық құбырларын салу бойынша) қопарылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын бақылауды жүзеге асыру, тұрғындардың осы мәселелер бойынша шағымдарына жедел әрекет ету мақсатымен барлық өкілетті органдардың өкілдері мен қалалық мәслихаттың депутаттары қосылған Watsapp тобын құру көзделетін болды.

Жолдарды жобалаған кезде аудан әкімдері аппараттарымен және қызмет көрсетушілермен жолдардың астындағы коммуналдық желілердің орналасу мәселесіне келісу жүргізу, жұмыстарды атқару кезінде технологиялық картаға сәйкес жүзеге асыру қажеттігі міндеттелді.

Жөнделетін автомобиль жолдарын апта сайын инспекциялау мақсатында құрамына қалалық мәслихат депутаттарын енгізе отырып комиссия құру қажет.

Қарағанды қалалық мәслихатының XXYII сессиясының №199 шешімін жүзеге асырмаған «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК Қарағанды облысы бойынша филиалының қызметі туралы мәселені қарастыру қалалық мәслихаттың жұмыс жоспарына енгізілетін болды.

Күн тәртібіндегі «Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін анықтау туралы» келесі мәселе бойынша Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Дархан Жиенбаевтың хабарламасын тыңдалды. Қосымша баяндама жасаған – қалалық мәслихаттың әлеуметтік сала және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Марина Платонова бұл шешім жобасының әлеуметтік маңызы зор екенін және тұрғын үй несиелерін рәсімдеу бойынша жүктемені азайтуға ықпал ететінін атап өтті. Сессияда Қарағанды қаласында тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының мөлшері мен тізбесі айқындалды.

Сол тізбе бойынша тұрғын үй сертификатының мөлшері:

1) Әлеуметтік көмек түрінде әрбір алушы үшін қарыз сомасының 10%-ы, бірақ 1,5 миллион (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес;

2) Әлеуметтік қолдау түрінде әрбір алушы үшін қарыз сомасының 10%-ы, бірақ 1,5 миллион (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес;

Тұрғын үй сертификатын алушылар санатының тізбесі:

«Ұлы Отан соғысының ардагерлері;

жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;

бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар;

жасына карай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;

кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;

қандастар;

экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденмен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (кайтыс болған) адамдардын отбасылары;

толық емес отбасылар;

асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысанында білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар) жатады» деп бекітілді.

Баяндамашыларға депутаттар көптеген сұрақтар қойды.

Сессия басқа да мәселелер қарап, қаралған барлық мәселелер бойынша тиісті шешім шығарды.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ